

Хаттама № 4

«Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп» КММ

«30» желтоқсан 2022 жыл

2022 жыл 30 желтоқсан күні Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектебінде тамақтандырудың сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 7

Қатысқаны: 5

Күн тәртібінде:

2022 жылдың желтоқсан айындағы мектептегі тамақтандыру сапасына бақылау жүргізу сараптамалық тобының мектеп асханасының жұмысына жүргізген бақылауының қорытындысы туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия төрайымы Т. Калиева мектеп асханасындағы тамақтандырудың сапасы, асхана тазалығы, өнімдердің мерзімі қадағаланып тексерілгендігі жөнінде айтып өтті.

Жарыссөз:

Г. Шайғалиева (комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог)

2022 жылдың желтоқсан айында тамақтандыру сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша комиссия төрайымының сөзін тындап отырмыз. Мектептегі 447 оқушының 237 оқушысы асханадан тамақ ішеді. Тамақтың дайындалу сапасы жақсы. Үнемі медбике таңертең ертемен келіп, асханадағы тамақтың берілу жағдайын қадағалайды. Балалар тамаққа уақытымен келіп тамақ ішеді. Тамақтың дәмі, әр балаға салыну нормасы талапқа сай. Ескеретін бір жайт тамақ сертификаттарының жоқтығы. Осы мәселені кәсіпкерге айтып, тезірек іске асырылуын қадағалауымыз керек. Сондай ақ шай ішетін стакандардың дұрыс жуылмағандықтарын байқап, ыдыс жуушы Бөкен Үмітке ескерту жасадық. Күйіп піскен нандарды көріп, аспазшыға ескерту жасадық.

С. Қазиева (комиссия мүшесі, ДТІЖО)

Мектептегі ыстық тамақтың берілісіне бақылау жұмыстары жүргізілді. Мәзірге сай тамақ берілуде. Асхана тазалығына, аспазшылардың технологиялық карта бойынша тамақ дайындау сапасына бақылау жасалды. Аспазшылар асты талапқа сай дайындаған. Балалар тамақты жақсы ішіп отыр.

Тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының ШЕШІМІ:

1. Тамақтың дайындалу сапасына, сақталу мерзіміне, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуына қадағалау жүргізу мектеп медбибісі А. Айтбаеваға міндеттелінсін.
2. Желтоқсан айындағы тамақтандыруға жүргізген бақылау кезіндегі байқалған кемшіліктердің орындалысын бақылау әлеуметтік педагог Г. Шайғалиеваға міндеттелінсін.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:

Комиссия мүшелері:



Т. Калиева (мектеп директорының м\а)
Г. Шайғалиева (әлеуметтік педагог)



С. Қазиева (ДТІЖО)
Ш. Бисенова (ата-ана)
А. Айтбаева (мектеп медбибісі)